

**СЛОВЕНИЯНЫҢ  
ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН  
КРЕДИТТЕРДІ РЕТТЕУ  
ТӘЖІРИБЕСІ.  
ВАМС ҚЫЗМЕТІ**




**ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ  
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.**

## I. ВАМС құрылуының алғышарттары

2008 жылдың соңында – Словенияның еуроға өткенінен екі жыл өтпей, жаһандық қаржы дағдарысы тудырған белгісіздік елге шетелдік капиталдың ағымын тоқтатты. Бұл өз кезегінде корпоративтік секторға берілетін несиелер көлемінің қысқаруына әкелді.

Үкімет пен Еуропалық комиссия қабылдаған бірқатар шаралар 2010 жылы экономиканың біртіндеп қалпына келуіне мүмкіндік берді. Алайда 2011 жылы ел жұмыс істемейтін несиелердің өсуі салдарынан қайтадан рецессияға ұшырады.

### Словенияның банк секторындағы жұмыс істемейтін несиелер деңгейінің динамикасы



Дереккөз: *The Global Economy*

Кейбір сарапшылардың пікірінше, проблемалық несиелердің көбеюі және күшейіп келе жатқан дағдарыс Словения үкіметін "Үштік" (Еуропалық комиссия, Еуропалық орталық банк және ХВҚ) тарапынан көмек сұрауға мәжбүрлеуі мүмкін еді.

Алайда, бұл болжамдарға қарамастан, 2012 жылдың соңында Словения үкіметі стресс-активтерді басқару үшін мемлекеттік компания – Bank Assets Management Company (ВАМС) құру туралы жариялады. ВАМС-тың негізгі міндеті банк секторындағы стресс-активтерді 5 жыл бойы басқару болды, содан кейін қалған активтерді Словения мемлекеттік холдингіне беру жоспарланды.

Словенияға "Үштіктің" құтқару бағдарламасы қажет болмады, алайда ВАМС-тың қызмет ету мерзімі 2022 жылға дейін ұзартылды, себебі активтерді басқару және шығару процестерін аяқтау қажет болды.

## II. ВАМС құрылуы

ВАМС 2013 жылғы 20 наурызда мемлекеттік меншікке толық тиесілі акционерлік қоғам ретінде құрылды. Қызметін қаржыландыру мақсатында ВАМС мемлекет кепілдік берген облигацияларды шығарды.

Словения Республикасының банк тұрақтылығын күшейту шараларын анықтайтын ZUKSB заңына сәйкес, ВАМС-тың негізгі міндеттері:

1. Словения қаржы секторын тұрақтандыру – жүйе құраушы банктерден проблемалық активтерді сатып алу арқылы.
2. Салық төлеушілердің жүктемесін азайту – ВАМС сатып алынған активтерді қайта құрылымдап, оларды ең жоғары бағамен сатуы тиіс.
3. Қаржы жүйесіне деген сенімді нығайту – халықаралық корпоративтік басқару стандарттарына сәйкес қызмет атқару.
4. Словения экономикасын ұзақ мерзімді қайта құрылымдауды қамтамасыз ету және ынталандыру.

ВАМС мемлекеттік меншікке тиесілі ұйым болғандықтан, бір деңгейлі корпоративтік басқару жүйесі қолданылды.

ВАМС директорлар кеңесі 7 мүшеден тұрады: 4 атқарушы емес директор – Словенияның Экономика министрлігі тағайындайды. 3 атқарушы директор – ашық конкурстық негізде таңдалады. Атқарушы директорлар: ВАМС-тың қаржылық жоспарын әзірлеуге жауапты. Бір атқарушы директор операциялық қызметті қадағалайды. Атқарушы емес директорлар компанияның бизнес-стратегиясын бағалайды. Жалпы, атқарушы директорлар ВАМС басқаруында шешуші рөл атқарады:

### ВАМС БАСҚАРМАСЫ

#### АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЛАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЫ (CFO)

ТАЛАП  
ҚҰҚЫҚТАРЫН  
БАСҚАРУ

МҮЛІКТІ  
БАСҚАРУ

ҚОСАЛҚЫ  
БӨЛІМШЕЛЕР

### III. Активтерді сатып алу және бағалау

Банктерді ВАМС-пен жұмыс істеуге іріктеу екі кезеңде жүзеге асырылды:

Бірінші кезеңде үкімет жанындағы ведомствоаралық комитет (орталық банк пен үкімет өкілдерінен тұратын 8 мүшеден құралған) банктердің капитал деңгейінің келесі 12 ай ішінде реттеуші талаптарды орындауға жеткілікті екенін және олардың қаржы жүйесінің тұрақтылығына ықпалын бағалады.

Екінші кезеңде банктер үкіметке капитал мен өтімділік деңгейінің жеткіліктілігі туралы бизнес-стратегия ұсынды.

Коммерциялық банк, Словения банкі (Орталық банк) немесе ВАМС ведомствоаралық комитетке өтінім берді. Өтінімге банк бизнес-стратегиясы және ВАМС-қа берілетін активтер туралы ақпарат қоса тіркелді.

ВАМС пен коммерциялық банктер арасындағы мәмілені аяқтау үшін үкімет Еуропалық комиссияның Бәсекелестік жөніндегі бас дирекциясына жоспарланған активтерді сатып алу туралы ақпаратты және мәмілені мақұлдау туралы сұрау жіберді. Осы кезеңде ВАМС мақұлданған активтерді банк балансынан өз балансына қабылдау процесін бастады.

2013 жылдың желтоқсанында ВАМС екі жүйе құраушы банктен – NLB және NKBM-ден жалпы номиналды құны 3,3 млрд еуро болатын активтерді сатып алды. Бұл мәмілелер 1 млрд еуро сомасына шығарылған мемлекеттік кепілді облигациялар есебінен қаржыландырылды.

ВАМС сатып алынатын активтердің сатып алу (немесе трансферттік) құнын белгілеу процесіне қатысқан жоқ. Бұл баға AQR аудиті мен стресс-тест нәтижелеріне негізделді, оларды Словения банкі, Қаржы министрлігі, Еуропалық комиссия, ЕОБ және Еуропалық банк қадағалау қызметі жүргізді. Еуропалық комиссия трансферттік бағаны есептеу кезінде ВАМС-тың активтерді басқару және қаржыландыру шығындары ескерілетінін мәлімдеді. Алайда, ВАМС сатып алынған активтерді қайта бағалауға және банктерден немесе олардың иелерінен осыған байланысты шығындарды өтеуді талап етуге мәжбүр болды.



### III. Активтерді сатып алу және бағалау

ВАМС сатып алынған активтерді бағалау жөніндегі өзіндік әдісін қолданды, ол Еуропалық комиссия есептеген "нақты экономикалық құнға" емес, активтердің әділ нарықтық құнына негізделді. Еуропалық комиссия өз есептеулерінде ақша ағындарын және неғұрлым кең уақыт аралықтарын пайдаланды.

Осыған байланысты ВАМС активтерді бағалаудың ішкі әдістемесін әзірледі, ол "базалық" активтердің құнына (мысалы, жылжымайтын мүлік түріндегі кепілзатқа) негізделді. Бұл бағалау сыртқы аудиторлармен тексерілді.

ВАМС активтерді қайта бағалау нәтижелері Еуропалық комиссия бағалауларынан айтарлықтай төмен болды, бұл ВАМС-ты 40 млн еуро шығынды мойындауға мәжбүр етті.

2014 жылы ВАМС тағы төрт банктен активтер сатып алу мәмілелерін жасады.



Probanka және Factor Banka активтерінің сатып алу бағасы ВАМС-тың ішкі бағалау әдістемесіне сәйкес дербес белгіленді, ал Abanka және Banka Celje активтері Еуропалық комиссия тарапынан қайта бағаланды.

Активтерді қабылдау процесі аяқталғаннан кейін ВАМС Abanka және Banka Celje активтерін өзінің бағалау әдістемесіне сәйкес қайта қарады, нәтижесінде компания бұл активтерден шығын көргенін мойындады.


**ВАМС-тың жылдық есептеріне сәйкес, ұйым активтердің нарықтық құнынан 623 млн еуро артық төлеген.**

## IV. Активтерді басқару

Қарыз алушылардың берешегін барынша өтеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ олардың ұзақ мерзімді тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында ВАМС қаржылық қайта құрылымдауды жүзеге асырады. Қайта құрылымдау борышкерлердің бизнесін қайта құрылымдауды немесе операциялық қайта құрылымдауды қамтуы мүмкін. Алайда, ВАМС қайта құрылымдауды тек өзімен ынтымақтасуға дайын және жеткілікті ақша ағындарын қалыптастыратын қарыз алушыларға қатысты жүргізеді.

Егер қайта құрылымдау экономикалық тұрғыдан тиімсіз болса немесе қарыз алушы ынтымақтастықтан бас тартса, ВАМС кепілмен қамтамасыз етілген қарыздарды өндіріп алу және оларды кейіннен сату стратегиясын қолданады. Бұл стратегия бұрын банкроттық рәсімінен өткен қарыз алушыларға да қолданылады. Айта кету керек, ВАМС сатып алған активтердің көпшілігі бастапқыда "төлем қабілетсіз" болғандықтан, өндіріп алу рәсімінен өтеді. Кейбір жағдайларда компания проблемалық талап ету құқығын кепілдік қамтамасыз етуімен бірге үшінші тарапқа сатуға шешім қабылдауы мүмкін.

### ВАМС басқаруындағы активтер, 2014 жыл, млн еуро



■ Талап ету құқықтары ■ Жылжымайтын мүлік ■ Қатысу үлестері

Сонымен қатар, ВАМС активтердің құнын барынша арттыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады. Олар мыналарды қамтиды: активтерді пулдарға біріктіру. Олардың ағымдағы жағдайын жақсарту (жер учаскелері мен инфрақұрылымды дамыту, жөндеу жұмыстарын жүргізу, жоғалған кредиттік құжаттаманы қалпына келтіру және т. б.).

## V. Активтерді сату

ВАМС-тың негізгі мақсаты – банктерден сатып алынған барлық активтерді сату. ZUKSB заңнамасына сәйкес, ВАМС жыл сайын сатылған активтердің бағалау құнының кемінде 10%-ы мөлшерінде ақша қаражатын қалыптастыруға міндетті.

Активтерді сату процесі екі негізгі қағидатқа негізделген: ашықтықты қамтамасыз ету және Сату бағасын барынша арттыру

Алайда, белгілі бір активтерге сұраныс болмаған жағдайда, олар пулдарға біріктіріледі. Жылжымайтын мүлікті тиімді сату үшін әрбір объект бойынша жеке маркетингтік стратегия әзірленеді, оны ВАМС-тың инвестициялық комитеті бекітеді. Сатылымды жылжыту мақсатында ВАМС өз веб-сайтында, БАҚ-та немесе жылжымайтын мүлік агенттері арқылы хабарландырулар орналастырады.

Сонымен қатар, ВАМС әлеуетті инвесторларға сатылатын активтер туралы толық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін Datasite виртуалды деректер бөлмесін пайдаланады. ВАМС активтерін сатып алу процесіне бұрынғы қарыз алушылар мен олармен байланысты тұлғалар қатыса алмайды. Сонымен қатар, ақшаны жылыстатудың алдын алу мақсатында әлеуетті сатып алушылардан өздерінің түпкілікті бенефициарларын ашу талап етіледі.

Портфельдің ерекшеліктеріне немесе халықаралық инвесторлар тарапынан сұраныстың болуына байланысты, кредиттер негізінен тікелей сату арқылы жүзеге асырылады. Ашық сауда-саттықта несиелер тек 3-4 үміткер болған жағдайда ғана сатылады.

ВАМС-тың жылжымайтын мүліктері, әдетте, жергілікті жеткізушілер ұсынатын аукциондық платформалар арқылы сатылады, бұл процестің ашықтығын қамтамасыз етеді.

*Материалды "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-ның  
Корпоративтік даму департаменті дайындады.*

*Сарапшы: Әбілдаева Дина*

*Дереккөздер: Йель университеті,*

*ВАМС-тың 2013-2018 жылдардағы жылдық есептері,*

*ВАМС-тың 2019-2022 жылдарға арналған бизнес-стратегиясы,*

*Дүниежүзілік банк*